



# ӘЙЕЛДЕР БАСҚАРАТЫН ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ

**ХАЛЫҚ САНАҒЫ ЖӘНЕ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ 2021**


Деректер 2021 жылғы 1 қыркүйектегі халық санағын жүргізу кезінде әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес келтірілген

# ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Қазақстанда 2021 жылғы санақ кезінде үй шаруашылықтарының жалпы санынан (5,6 млн.бірлік) 35,4% (1,9 млн. бірлік) әйелдер басқаратын үй шаруашылықтары құрады.

Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының басым бөлігі Алматы қаласында 15,2% (302 мың), Алматы облысында 10,6% (212 мың), Шығыс Қазақстан облысында 9,4% (187 мың), Астана қаласында 8,7% (174 мың) және Қарағанды облысында 7,8% (155 мың).

## Өңірлер бөлінісінде әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының жалпы санын бөлу (%)



Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтары - бұл ересек ер адам жоқ үй шаруашылықтары (әйел күйеуге шықпағандықтан, ажырасқандықтан, бөлек тұратындықтан, жесір болғандықтан немесе осы үй шаруашылығындағы ер адам көші-қон жағдайында және санаққа қатыспағандықтан) немесе ересек ер адамы бар үй шаруашылықтары, бірақ негізгі табыс өндірушісі болып табылмайды.


Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының басым бөлігі қалалық жерлерде 72,2% (1,4 млн.), ауылдық жерлерде 27,8% (0,5 млн.) тұрады.

## Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарын жергілікті жер түрі бойынша бөлу (%)



Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының үлес салмағы барлық үй шаруашылықтарының ішінде өңірлер мен жергілікті жердің түрі бойынша айтарлықтай ерекшеленеді: қалаларда - Қызылорда облысында - 1,7%-дан Алматы қаласында - 21% - ға дейін, ал ауылдық жерлерде -Ақтөбе облысында - 2,6%-дан Алматы облысында-25,2%-ға дейін.

## Өңірлер бойынша үй шаруашылықтарының жалпы санындағы әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының үлес салмағы (%)






# ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Санақ мәліметтері бойынша, әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының жалпы санынан (1 994 669 бірлік) ең көп үлесті кеңейтілген үй шаруашылықтары (бірнеше ұрпақ өкілдерінен тұратын күрделі отбасылар) құрады - 35,4% (708 199 бірлік) және нуклеарлық (ата - аналар мен балалардан немесе тек ерлі-зайыптылардан тұратын отбасылар) - 34% (677 946 бірлік). Бір адамнан тұратын әйелдер басқаратын үй шаруашылықтары 25,9% (516 866 бірлік), құрамдас (бірнеше адам бірге тұратын, оның ішінде туыстық емес) - 4,6% (91 658 бірлік) құрады.




Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының орташа мөлшері 3 адамды, қалалық - 2,7 адамды, ауылдық - 3,8 адамды құрады.

## Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарын ұлты бойынша бөлу (%)



Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының жалпы санының 57,7% - қазақ ұлты, 26,1% - орыс, 3,8% - украин, 1,9% - татар, 1,8% - өзбек, 1,5% - ұйғыр, 1,5% - неміс, 0,9% - корей және 4,8% - басқа ұлт өкілдері басқарады.

## Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарын әйелдердің жас топтары бойынша бөлу (%)




Әйелдер басқаратын әрбір он екінші үй шаруашылығы 18-29 жас аралығындағы әйелдерге тиесілі (8,4%), әрбір алтыншы 30-39, 40-49 және 50-59 жас топтарына тиесілі, үй шаруашылықтарының 42%-ын - 60 және одан жоғары жастағы әйелдер басқарады.

## БІЛІМІ

Үй шаруашылығын басқаратын әйелдердің 99%-ы (1,9 млн.) белгілі бір білім деңгейіне жетті: олардың үштен бірі (32,2%) кәсіптік білімге ие, әрбір бестен бірінде жоғары (26,1%) және соншасында жалпы орта білімі бар (25,9%), әрбір он екінші әйел негізгі орта білім (8,3%) және олардың тек 1%-ы жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне жетті.


Әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарын олардың білім деңгейіне қарай бөлу (%)



## НЕКЕ ЖАҒДАЙЫ

Үй шаруашылығын басқаратын әйелдердің 33%-ы некеде тұрады, 4%-ы тіркелмеген некеде, 28,4%-ы ешқашан некеге тұрмаған, 22,6%-ы жесір және әрбір алтыншы әйел ажырасқан (16%).


Некедегі жағдай бойынша үй шаруашылығын басқаратын әйелдер (%)



# ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ


Үй шаруашылығын басқаратын әйелдердің 52%-ы (1 млн.) еңбек қызметімен айналысады. Оның ішінде 84% (863 мың) әйелдер жалданбалы жұмыс істейді, 12,3% (126 мың) әйелдер жеке қызметпен айналысады, 2% (20 мың) әйелдер жұмыс берушілер болып табылады.

**Үй шаруашылықтарын басқаратын жұмыспен қамтылған әйелдерді еңбек қызметінің түрлері бойынша бөлу (%)**



Үй шаруашылығын басқаратын әйелдердің көпшілігі көтерме және бөлшек сауда (16,8%); ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы (13,2%); білім беру (12,2%) сияқты салаларда жұмыс істейді. Өнеркәсіпте әйелдердің 7,8%-ы, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде - 7,4%-ы, құрылыста-4,7%-ы, жылжымайтын мүлік бойынша операциялар саласында 4,4%-ы жұмыс істейді. Әйелдердің 26%-ы басқа іс-шараларға қатысады.

**Үй шаруашылықтарын басқаратын жұмыспен қамтылған әйелдерді экономикалық қызмет салалары бойынша бөлу (%)**



# КҮНКӨРІСТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ

Үй шаруашылығын басқаратын әйелдер көпшілігінің негізгі табыс көзі жалақы - 43,7% және жас бойынша зейнетақы - 36,5%. Әйелдердің 8%-ы өз бетінше жұмыспен қамтудан табыс табады, 5,3%-ы туыстарынан немесе жақындарынан (асырауда) материалдық көмек есебінен тұрады, 5,2%-ы табыстың басқа түрлерін табады, әйелдердің 1,3%-ы олардың негізгі табысы (мүгедектік бойынша жәрдемақы, жүктілік және босану бойынша жәрдемақы, бала күтімі бойынша жәрдемақы) - әлеуметтік көмектің басқа түрлері екенін атап өтті.

Үй шаруашылығын басқаратын әйелдерді күнкөрістің негізгі көздері бойынша бөлу



Үй шаруашылығын басқаратын әйелдердің негізгі үлесі (60,5%) негізгі күнкөріс көздерінен 50 000-нан 150 000 теңгеге дейінгі мөлшерде ай сайынғы табыс табады. Әрбір жетінші әйел 150 000-нан 250 000 теңгеге дейін табыс табады, әйелдердің 4,8% - ы (әрбір жиырмамыншы) 250 000 теңгеден жоғары табыс табады және әрбір отызыншы әйелдің табысы жоқ (3,3%).

Үй шаруашылығын басқаратын әйелдерді ай сайынғы табыс деңгейі бойынша бөлу (%)

